

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша

АНАЛИТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

2025 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы» РМҚК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау барысында кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттары, оның ішінде:

- ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет;
- персоналды басқару;
- ішкі құжат айналымы;
- мүдделер қақтығысын реттеу;
- мемлекеттік қызмет көрсету;
- рұқсат беру және бақылау функциялары;
- қаржылық-шаруашылық қызмет жан-жақты зерделенді.

Талдау нәтижесінде қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде, ішкі құжаттарда және басқару процестерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықталған жоқ.

Кәсіпорында:


- кадрлық шешімдер заңнама талаптарына сәйкес қабылданады;
- мемлекеттік сатып алулар ашық әрі электрондық форматта жүргізіледі;
- бюджет және бюджеттен тыс қаражаттарды игеру бақылауда;
- мүдделер қақтығысын реттеу тетіктері жұмыс істейді;
- сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау арналары ұйымдастырылған.

Жасырын мемлекеттік қызмет көрсету, заңсыз шешім қабылдау немесе сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық фактілері тіркелмеген.

Қорытынды:

«Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы» РМҚК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу жүйесі тиімді жұмыс істейді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданған шаралар жеткілікті деңгейде жүзеге асырылуда.

Комплаенс офицері



А.Әметбекова